

Әулиекөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Әулиекөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ
Бағаналы ауылдық кітаханасы
ГУ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района
Баганалинская сельская библиотека



Бір ел - бір кітап



Орна страна - одна книга

**«БІЗ БІРГЕМІЗ,
ЖӘНЕ ТӨЛЕН ӘБДІҚҰЛЫН ОҚИМЫЗ»
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ШОЛУ**

**«МЫ ВМЕСТЕ, И МЫ ЧИТАЕМ
ТОЛЕНА АБДИКОВА»
БИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР**



Әуликөл аудандық әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Әуликөл орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ
Бағаналы ауылдық кітапханасы
ГУ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района
Бағаналинская сельская библиотека

«Біз біргеміз, және Төлен Әбдікұлын оқимыз»
Библиографиялық шолу

«Мы вместе, и мы читаем Толена Абдикова»
Библиографический обзор

УДК 821(574)

ББК 91.9:83

Б 94

Құрастырушы: М. Ж. Тамиева

Шығарылымға жауапты: Мукушова А. К.

Қазақ тіліндегі мәтіннің корректоры: Мукушова А. К.

Составитель: М. Ж. Тамиева

Ответственный за выпуск: Мукушова А. К.

Дизайн обложки: Юрченко Н. П.

Редактор: С. Ж. Серкебаева

Бағаналы ауылдық кітапханасы заманымыздың заңғар ойлы, зергер зейінді, зиялы жазушыларының бірегей жампозы, жазушы, драматург, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының және Франц Кафканың алтын медалінің лауреаты Төлен Әбдікұлына арналған библиографиялық шолу дайындады.

Бұл оқу құралында Төлен Әбдіктің өмірі мен қызметі туралы ақпарат бар.

Баганалинская сельская библиотека подготовила библиографический обзор, посвященный выдающемуся писателю современности, известному драматургу, общественному деятелю, Лауреату Государственной премии Республики Казахстан и золотой медали Франца Кафки Толену Абдикову.

Данное пособие содержит информацию о жизни и деятельности Толена Абдикова.

УДК 821(574)

ББК 91.9:83

«Әулиекөл орталықтандырылған
кітапхана жүйесі» ММ

Құрастырушыдан

Кез келген ұлттың, халықтың тағдыры, басынан өткерген тарихи кезеңдері ең алдымен сол халықтың әдебиетінде із тастайтыны ақиқат. Қазіргі таңда қазақ әдебиетінің әрқилы кезеңдерінде рухани дамуымызға, мәдени өркениетке, әсіресе ұлттық жан дүниемізге өз шығармаларымен айтулы үлес қосқан қаламгерлеріміздің бірі – Төлен Әбдік.

Жазушының шығармалары адам мінезінің құпия сырларына үңілуімен, өмірдің мән-мағынасына философиялық тұрғыда қарауымен, өмірдің қайшылықты құбылыстарының күрделі шындығын ашумен ерекшеленеді. Төлен Әбдік шығармашылығының негізгі өзегі – пенде мұңы. Жеңіл-желпі желұшық мұң емес, артында қара тастай қасірет жатқан көштей күңіренетесыңсытып өз жүрегінен өткізген жалқының мұңы.

Әдебиет бөлімдер бойынша жүйеленген.

Библиографиялық шолудағы материал қазақ және орыс тілдерінде ұсынылған.

Материалды таңдау 2023 жылдың тамыз айында аяқталды.

Библиографиялық шолу көптеген оқырмандарға арналған.

Библиографиялық шолудың материалы <http://aulikol-cbs.kz/ru/> сайтта көрсетілген.



Өмірбаяны



Қазақ прозасында өзінің ерекше қолтаңбасы бар, қаламынан таным тамшылары мөлдіреген қабырғалы жазушы Төлен Әбдікұлы 1942 жылы 4 қыркүйекте Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Еңбек аулында дүниеге келген.

«Әкем мен шешем кәдімгі, қарапайым адам болатын. Елге белгілі адам емес, бірақ әркімнің ата-анасы өзіне өте қымбат қой. Ол сені дүниеге әкелді, өлшеусіз жақсы көрді, сен үшін жанын қиюға бар. Әке-шешем мені шексіз жақсы көретін. Өйткені мен жалғыз бала болдым», - дейді Төлен Әбдікұлы ата-анасы жайлы.

1964 жылдан бастап түрлі газет-журнал беттерінде жарияланды. Сол жылы жас жазушылардың жинағында «Райхан» атты алғашқы әңгімесі жарық көрді. 1965 жылы Қазақ Ұлттық университетін бітірген. 1965–70 жылдары «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1970–77 жылдары «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары, 1977–79 жылдары «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор, 1979–90 жылдары Қазақстан Коммунистік партиясының орталық комитетінде жауапты қызметте болды. 1990–92 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының екінші хатшысы болды. 1993 жылдан Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінде сектор меңгерушісі. 1997 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президенті аппаратының ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің бірінші орынбасары.

4

«Мемлекеттік қызметте жүру маған қиын болды. Бұл уақытта өсіп қалған адамбыз. Жазушылар одағында, баспаларда жұмыс істеп қалғанбыз. Содан кейін орталық комитетке келіп жұмыс істеу – ауыр шаруа. Галстугың қисаймай, барлық түймені салып жүру керек. Осының бәрі адамды қинайды, еркін жүргін келеді. Кішкене өмірімді жеңілдеткен нәрсе Әбіш Кекілбай, Марал Ысқақбай, Әшірбек Сығай төртеуміздің бір бөлімде істегеніміз. Өзгелерге ұқсамаймыз, әзіл айтып, күліп, мәз болып жүреміз», – дейді Т. Әбдікұлы.

Қаламгер кино өнері мен театр өнеріне де өзіндік үлес қосқан, онда да айтарлықтай табысқа жетті.

Төлен Әбдікұлы – іскер, ізденісі мол қоғам қайраткері. Еліміздің егемендігін бекітіп, тілін, дінін, мәдениетін өркендетуге үлкен қоғамдық үлес қосып қоғамдық қызметтер атқарып келеді.

Жазушының қаламгерлік талантына нәр берген «қазақ руханиятының ең ежелгі, киелі бөрі» оқырмандар жазушының әр шығармасын асыға күтеді.

Төлен Әбдік туралы...

Төлен Әбдікұлының әдебиеттегі қолтаңбасы ерекше екендігін өзіндік жазу мәнері, сөз қолданысы, кейіпкерлерінің іс-әрекетін, мінез-құлқын сомдауы, оқшау образдар жасауы, тосын тұлғалар табуы тайға таңба басқандай дәлелдеп-ақ тұр.

Кезінде Софокл: «Әлемде неше алуан ғажайыптар бар, бірақ Адам – олардың барлығынан да ғажайып», – деген екен. Сол айтқандай, қаламгерлік қабілеті тек өзімізде ғана емес, әлемнің көптеген елдерінде лайықты бағасын алған Төлен Әбдікұлының шығармашылық жолы туралы жазу мойынымызға үлкен жауапкершілік жүгін жүктейтіні ақиқат.

«Әлекең өзіндік юмору бар керемет, сұлу адам болатын. Орта бойлы еді. Жарықтық қулық айтар кезінде көзі бір күлімдейтін еді, сол кезде таза сүйкімді болып кететін еді. Әкесінің тәрбиесінде өскеннен болар Төленнің әр шығармасында әдемі юмор бар», – дейді Төлен Әбдікұлының досы, жазушы Қойшығара Салғара.

«Парасат майданы» повесі жайында белгілі жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов: «Төлен Әбдіктің бұл шығармасы – бүгінгі болмыстың ащы да өзекті шындығынан туындаған жан айқайы. Менің досым Анатолий Ким де хикаяттың әлі пісіп-жетілмеген аудармасын оқығаннан-ақ: «Мына қазақтың Кафкасы ғой!», – деп өзінің таңғалғанын жасыра алмаған еді», – деп ой толғайды.

Төлен Әбдіктің шығармашылығында дәстүр жалғастығы да сезіледі. Бұл жайында әдебиет сыншысы Мырзан Кенжебайдың баспасөз бетінде жарық көрген мақалаларының бірінде кешегі Х. Есенжанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, А. Нұрманов, М. Иманжанов, Т. Жармағанбетов шығармаларынан бастап бүгінгі Т. Әбдік, Б. Нұржекеев, Т. Нұрмағанбетов, Қ. Мұханбетқалиев, С. Мұратбеков, Д. Исабеков, С. Балғабаев туындыларының арасындағы дәстүр жалғастығының барлығын, әдебиет игілігі үшін қызмет еткен осынау бірнеше буын қазақ қаламгерлерінің шығармашылық жолын салыстыра, сабақтастыра сөз етеді.

Расында да, Төлен Әбдіктің прозалық шығармаларынан өзінің жаңашылдығымен қоса дәстүр жалғастығын да байқай аламыз. Мысалы, жазушы шығармашылығындағы «Өліара» романын алсақ, мұнда жазушы тың тақырып емес, бәріне таныс, барша жазушылардың шығармашылығында кездесетін өз халқының тағдырын бейнелейді. Алайда, Төлен Әбдіктің бұл шығармасы жазушының жан-жақты білетін, жан-жақты ойлайтын, мәселенің бетін емес, түбін көретін, өз халқының тағдырын өз өміріндей жан-тәнімен сезінетін жанқияры екенін дәлелдейді.

Ғалым Серік Қирабаев бұл жайында былай пайымдайды: «...Аға ұрпақтың монументтік өмір суреттерін бейнелеген тәжірибесін қоса, кейінгі жастар реализмді халықтың тұрмыс-тіршілігінің жұпыны суреттерін, адам характерінің қайшылықты диалектикасын ашу арқылы байытуға тырысты. Бұл – тарих сабағына сын көзімен қарауға, адам өмірін психологиялық талдау арқылы барлауға жол ашты. Бұл тұрғыда С. Мұратбековтің, Д. Исабековтің, Т. Әбдіктің, Т. Нұрмағамбетовтың әңгіме-повестерін еске алу артық емес». Яғни, Төлен Әбдіктің шығармалары дәстүрлік жалғастықты сақтай отырып, өзінің жаңашылдығымен ерекшеленген.

С. Әшімбаев жазушының шығармашылық сипатына былай деп баға береді: «...рухани прогреске үлес қосуда... жазушы интеллектінің атқарар қызметі айрықша. Себебі, ойшыл, парасатты, философ жазушы ғана уақыт рухына сай, дәуір қажеттілігіне орай, замандастар көкейіндегі жүздеген жұмбақ та салиқалы сауалдарға жауап берерлік сезіміне өзгеріс тұлғаландыратын, қысқасы, рухани өсіп, түлеуіне немесе кім үшін, не үшін және қалай дұрыс өмір сүруіне «сиқыр сөз» – әдебиет күдіретімен көмектесе алатын көркем шығарма жаза алады!»

Орыстың классик ақыны А.С. Пушкиннің: «Точность и краткость – вот первые достоинства прозы. Она требует мыслей и мыслей – без них блестящие выражения ни к чему не служат», – деген сөзі талантты жазушы Төлен Әбдіктің қаламгерлік қасиеті туралы айтқандай, себебі қаламгердің шығармалары шағын, әрі қысқа және сол дәуірде екіншісі бірі батылы бара бермейтін өткір әлеуметтік мәселелерді қозғайтындығын және нені жазса да биік парасаттылықпен терең зерттеп, жеріне жеткізе жазатындығын жете сезіне білуіміз керек. Қиялы ұшқыр суреткердің өзіндік қолтаңбасы аз жазса да, оқырманға терең ой тастайтындығымен, мәнді жазатындығымен, сөйлемдері қысқа әрі нұсқа болып келетіндігімен ерекшеленеді. Бұл жайында құрдасы Дулат Исабеков: «Жалпы Төлен бұрқыратып жазған жігіт емес. Әлі күнге шейін сол ырғағын сақтап келеді», – деп өте орынды айтқан. Ол қай мәселені қозғаса да, қай уақыттың шындығын жазса да өмірлік, адами проблемаларды алға тартқандығымен көзге түседі.

Төлен Әбдікұлының өмірі мен шығармашылығы бойынша жылдар сөйлейді...

1942 жыл Қостанай облысының Жангелдин ауданында дүниеге келген;
 1965 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетін бітірген;
 1965-1970 жылдары «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеген;
 1970–1977 жылдары «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары;
 1977–1979 жылдары «Қазақфильм» киностудиясында бас редакторы;
 1979–1990 жылдары Қазақстан Коммунистік партиясының орталық комитетінің

жауапты қызметкері;

1985 жыл Республика театрларында «Біз үшеу едік» пьесасы қойылған;

1985 жыл «Өліара» романы жарық көрген;

1987 жыл «Ақшоқыдағы қыс қатты» романы жарияланды;

1990–1992 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының екінші хатшысы;

1993 жылы Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінде сектор меңгерушісі;

1997 жылы Қазақстан Республикасы Президенті аппаратының ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің бірінші орынбасары;

2002 жыл «Парасат майданы» романының авторы – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, Франц Кафта атындағы халықаралық сыйлықтың иегері.

Марапаттары

Қаламгер 2002 жылы Президент жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағымен марапатталды.

2003 жылы Франц Кафта атындағы халықаралық сыйлығы мен алтын медаль берілді.

2004 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығының иегері атанды.

2013 жылы «Парасат» ордені берілді.

7

Оның шығармалары



1. Әбдікұлы, Т. Ақиқат. [Мәтін] : повесттер мен әңгімелер / Т. Әбдікұлы. – Алматы : «Жазушы», 1974. – 184 б.




2. Әбдікұлы Т. Өке [Мәтін] : повесттер мен әңгімелер / Т. Әбдікұлы. Алматы : Қайнар, 2006. – 384 б.


3. Әбдікұлы, Төлен. Күзгі жапырақтар [Мәтін] : повесттер / Төлен Әбдікұлы. – Алматы : Жазушы, 1971. – 160 б.



4. Әбдікұлы, Төлен. Өліара [Мәтін] : роман / Төлен Әбдікұлы. – Алматы : Жалын, 1985. – 352 б.



5. Әбдікұлы, Төлен. Парасат майданы [повесть] / Төлен Әбдікұлы. – Алматы : Раритет, 2012. – 610, [4] б. – (Жаңа заман әдебиеті. Проза).



6. Әбдікұлы, Төлен. Оң қол : әңгіме / Төлен Әбдікұлы // Жалын. – 2006. – № 3. – Б. 21–27.



7. Әбдікұлы, Төлен. Таңдамалы роман және повесттер [Мәтін] / Төлен Әбдікұлы. – Алматы : Жазушы, 1991. – 512 б.

8. Әбдікұлы, Төлен. Тұғыр мен ғұмыр [повесть] / Төлен Әбдікұлы // Ақ Жайық kz. – 2013. – № 2. – Б. 33–79.

Сұхбаттар, әңгімелер

1. Азамат абыройы – ел абыройы [Мәтін] : [жазушы Төлен Әбдіков «Парасат майданы» повесті үшін ҚР мем. сыйлығына ие болуы туралы] // Қостанай таңы. – 2004. – 21 желтоқсан. – Б. 4.
2. Айқадамова, Айтолқын. Жазушы сыр ақтарды [Мәтін] : [Қостанайға белгілі жазушы келді] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. – 2009. – 20 қазан. – Б. 1.
3. Әбдікұлы, Т. Жамандықты жеңу үшін өзімізді – өзіміз жеңе білуіміз керек : ақын Төлен Әбдікпен сұхбат / Т. Әбдікұлы ; сұхбаттасқан А. Мантаева, Н. Байырбек // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 18 тамыз. – Б. 6–7.
4. Әбдікұлы, Төлен. «Оң қол» менің өзге шығармаларыма обал жасап жүрген секілді... [Мәтін] / Төлен Әбдікұлы // Қазақ әдебиеті. – 2000. – 22 қыркүйек. – Б. 4.
5. Әдебиетте әркімнің өз орны бар [Мәтін] : [жазушы Төлен Әбдікпен сұхбат] / әңгімелескен Батырхан Сәрсенхан // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2023. – 5 қаңтар. – Б. 19.
6. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы Төлен Әбдік: Ақиқаттан биік ақсақал жоқ [Мәтін] : [сұхбат] / әңгімелескен Назерке Жұмабай ; суретті түсірген Ерлан Омар, «EQ» // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 5 маусым. – Б. 13.
7. Төлен Әбдік: «Әдебиеттің негізгі объектісі – адам» [Мәтін] : [жазушымен әңгіме] / әңгімелескен Назерке Жұмабай // Қостанай-АГРО. – 2020. – 28 мамыр. – Б. 17.
8. Төлен Әбдікұлы: Әдебиеттегі ең жаманы – арзан ұпай алуға тырысу [Мәтін] : Айтары бар адаммен сұхбат / Ой-отауда сұхбаттасқан Қасқырбай Қойшыманов // Қостанай таңы. – 2016. – 17 ақпан. – Б. 8.

9

Ол туралы мерзімді басылымдардағы жарияланымдар

1. Әбдіхалық, Ж. Төленнің парасат майданы [Мәтін] : [жазушы Төлен Әбдікұлының «Парасат майданы» кітабы туралы] / Ж. Әбдіхалық // Егемен Қазақстан. – 2002. – 13 қараша. – Б. 4.
2. Әбіш, Дәмер. Дарындылар арасындағы дара талант [Мәтін] : Төлен Әбдік – 70 жаста / Дәмер Әбіш ; суретті түсірген Айбек Жүзбай // Қостанай таңы. – 2012. – 6 қараша. – Б. 1, 2.
3. Әбіш, Маржан. Қаламгер белесі [Мәтін] : [жазушы Төлен Әбдік – 80 жаста] / Маржан Әбіш // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2022. – 30 қыркүйек. – Б. 22.
4. Елшібек, Жанат. Суреткердің парасат биігі [Мәтін] : [қаламгер Төлен Әбдіков туралы : суреті бар] / Жанат Елшібек // Егемен Қазақстан. – 2014. – 11 маусым. – Б. 11.

5. Жәрімбетова, Н. «Оң қол» фильміне оң баға берілді [Мәтін] : [жазушы Төлен Әбдіктің «Оң қол» әңгімесі бойынша түсірілген фильм жайында] / Н. Жәрімбетова // Егемен Қазақстан – 2017. – 10 ақпан. – Б. 12.
6. Жүсіпбек, Жандос. Құдіретті қаламгер [Мәтін] : [жазушы Төлен Әбдіктің шығармашылық кеші өтті] / Жандос Жүсіпбек ; суретті түсірген Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. – 2022. – 28 қазан. – Б. 24.
7. Қиысқанұлы, Қыдырбек. Әдеби апталықтың әлқиссасы [Мәтін] : [Л. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Кітап және қаламгер» атты кітап көрмесі туралы] / Қыдырбек Қиысқанұлы ; суретті түсірген Б. Көркембаев // Қостанай таңы. – 2022. – 18 қазан. – Б. 1, 8.
8. Мұқатов, Нағашыбай. Прозаның ақ тұлпары [Мәтін] : [жазушы Төлен Әбдікұлына : өлең] / Нағашыбай Мұқатов // Қостанай таңы. – 2017. – 28 қараша. – Б. 5.
9. Нұрғалымұлы, Ұларбек. Қаламгерге құрмет [Мәтін] : [көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлен Әбдікті мерейлі 75 жасқа толуымен арнайы құттықтады] / Ұларбек Нұрғалымұлы // Егемен Қазақстан. – 2017. – 6 қыркүйек. – Б. 12.
10. Оспанұлы, Серікбай. Аға! [Мәтін] : (Төлен Әбдікұлына) : [өлең] / Серікбай Оспанұлы // Қостанай таңы. – 2017. – 28 қараша. – Б. 5.
11. Сүйінұлы, Е. Туған жері талантын бағалады [Мәтін] : [жазушы Төлен Әбдік туған жерде] / Е. Сүйінұлы // Қостанай таңы. – 2002. – 19 қараша. – Б. 4.
12. Сыбанбай, Сәкен. Ақиқат жоқтышы [Мәтін] : Қазақстанның көрнекті жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлен Әбдікұлы туралы сыр-толғаныс / Сәкен Сыбанбай // Егемен Қазақстан. – 2017. – 5 қыркүйек. – Б. 10.
13. Төлен аға! [Мәтін] : [өлең] / Ізгі ниетпен, інің Абдолла // Қостанай таңы. – 2017. – 28 қараша. – Б. 5.
14. Төлен Әбдіктің алтын медалі [Мәтін] : // Қостанай таңы. – 2003. – 9 сәуір.
15. Шаяхмет, Ақылбек. Қаламгер қайраты [Мәтін] : Көрнекті жазушы Төлен Әбдік – 70 жаста / Ақылбек Шаяхмет ; суреті бар // Қостанай таңы. – 2012. – 31 қазан. – Б. 4.

Заманымыздың заңғар ойлы, зергер зейінді, зиялы жазушыларының бірегей жампозы, жазушы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдікұлының есімі танымал жазушы қайраткерлермен қатар аталып, қазақ халқының ұлттық мақтанышына айналған. Төлен Әбдікұлының барлық сан қырлы қоғамдық қайраткерлік және шығармашылық іс-әрекеті қазақ халқының әлемдік өркениетті мәдениетпен танысуы және жазушының шығармалары адамгершілікке, ізгілікке, мейірімге, еңбексүйгіштік сынды қасиеттерге арналған.

От составителя

*Никто не пишет литературу для гордости,
она рождается от характера,
она также выполняет потребности нации...*

Ахмет Байтурсынов

Во второй половине прошлого века на небосклоне казахской литературы зажглось немало новых, ярких имен, среди них Мухтар Магауин, Дулат Исабеков, Габдеш Жумадилов и другие замечательные мастера слова. Творчество Толена Абдикова занимает особое место в этой плеяде выдающихся писателей. Его стиль неповторим, а произведения отличает философская глубина. Его герои выходят за страницы, заставляют размышлять. К примеру, его рассказ «Правая рука» в свое время бил все рекорды популярности у читателей. Помимо смыслового содержания, его произведения отличает сочный, колоритный казахский язык.

Толен Абдиков – один из выдающихся писателей современности. Один из немногих, кто наряду с государственной работой не отходил от творчества. Занимая гражданскую позицию, умел ее отстаивать. В своих произведениях он умело поднимает вопросы, волнующие общество, отражает социальные «болячки». Он видит мир глазами художника, чувствующего психологию человека. В свои 80 лет он полон сил, можно сказать, еще в седле и радуется своим творчеством.

11

Литература систематизирована по разделам.

Материал в обзоре представлен на казахском и русском языках.

Отбор материала закончен в августе 2023 года.

Библиографический обзор предназначен для широкого круга читателей.

Материал обзора отражен на сайте: <http://auliekol-cbs.kz/ru/>



Биография



Известный драматург, писатель, Лауреат Государственной премии Республики Казахстан и золотой медали Франца Кафки Толент Абди́ков родился 4 сентября 1942 года в селе Енбек Жангельдинского района Костанайской области. В 1965 году окончил филологический факультет Казахского государственного университета им. С. М. Кирова.

В 1965–1970 гг. работал литературным сотрудником в газете «Қазақстан пионері». С 1970 по 1977 гг. был заведующим отделом в издательстве «Жалын», заместителем главного редактора. В 1977 году работал главным редактором киностудии «Казахфильм». В 1976–1986 гг. – инструктор, заведующий сектором литературного отдела Центрального комитета Коммунистической партии Казахстана, главный редактор газеты «Қазақ әдебиеті». В 1994 году работал помощником Президента РК. С 1997 года – заместитель заведующего отделом внутренней политики в Администрации Президента Республики Казахстан.

За большой вклад в развитие отечественной литературы присвоено почётное звание «Заслуженный деятель Республики Казахстан» (2002), лауреат премии им. Франца Кафка (2003), лауреат Государственной премии РК за повесть «Парасат майданы» (2004), награжден орденами «Парасат» (2013), «Барыс» первой степени (2019) за выдающийся вклад в развитие отечественной литературы.

Не похожий на других

Произведения Т. Абдикова проникнуты глубоким духовным и философским смыслом, они поражают смелостью мысли, образным языком. В своих произведениях Т. Абди́ков стремится раскрыть сложную реальность противоречивых явлений жизни, человеческих отношений. Ученый Б. Майтанов сказал, что «в казахской прозе Т. Абди́ков один из писателей, привлекающих зарубежные темы, раскрывает особенности мировой цивилизации, социального прогресса, влияние научно-технической революции на человеческий разум с интеллектуальной высоты».

Творческий путь писателя начался с публикации в 1964 г. в сборнике рассказов молодых писателей «Утренняя роса» рассказа «Райхан». Первый сборник рассказов «Горизонт» вышел в 1969 году. Затем были изданы сборники рассказов и повестей, «Осенний лист» (1971), «Ақиқат» («Истина») (1974), «Айтылмаған ақиқат» («Невысказанная истина») (1979), романов «Мертвый сезон» (1985), «Равноденствие» (1985), «Ақшоқыда қыс қатты» («Суровые зимы Акшоки») (1987), «Таңдамалы» (1991), «Оң қол» (2002). Отдельные

рассказы и повести Т. Абдикова переведены на русский язык и опубликованы в сборнике «Истина» (1980, 1981).

Т. Абдиков перевел на казахский язык древнегреческие мифы «Герои Эллады» (1977). На сценах республиканских театров поставлена пьеса Т. Абдикова «Нас было трое» (1985).

В 2002 году была написана повесть «Парасат майданы» («Война умов»). «Война умов» – это душа писателя, обращенная к человечеству; заповедь души, погруженной в таинственные тайны жизни, завещание предкам. Мы видим, что Толен Абдиков в этом философском произведении думает о будущем общества. Противопоставляя добро и зло, зло и милосердие, он рассказывает, кто победит.

Повесть «Парасат майданы» завоевало приз ПЕН-клуба, автор был награжден международной медалью им. Франца Кавки.

Одна из самых заметных повестей Толена Абдикова «Мерцают адские огни», будучи написанной в советский период, также удивительно современна. Глубокая философия этого произведения и авторский пессимизм, тема исторической памяти и связи времен заставляют читателя еще и еще раз обращаться к страницам повести, открывая в ней новые смысловые пласты. Главным героем повествования здесь становится доктор Эдуард Бейкер, а местом действия – Америка. Композиция повести распадается на три части. В первой части знаменитый американский врач Бейкер беседует с журналистом, который рассказывает ему о судьбе вымирающих индейских племен. Вторая часть – обширный флешбэк, видение-воспоминание Бейкера о раннем детстве глазами аракуанского мальчика Кияку, чудом спасшегося от кровавой расправы над его соплеменниками. Третья часть посвящена внезапному отъезду Бейкера в Бразилию, где он встречается с последним представителем его родного племени. Трагедия малых народов, чьи земли были и остаются лакомым куском для хищнических устремлений колонизаторов, показана в повести с беспощадной правдивостью. Физическое истребление коренных жителей Американского континента, замаскированное лживой риторикой об «исторической необходимости» и «исторической целесообразности», предстает в повести казахского писателя рельефно и достоверно.

На первый взгляд, удивительным может показаться сам факт обращения казахского писателя к жестоким историческим реалиям далекого южноамериканского континента. Что ни говори, а для казахской литературы и времен соцреализма, и постсоветского периода более характерна явная почвенническая направленность. Однако по мере погружения в мир повести замысел писателя постепенно становится предельно ясным. В одном из интервью последних лет сам автор расставляет точки над «і» в рамках современного деколониального дискурса: «В советский период у казахских писателей было много поводов для того, чтобы пессимистически воспринимать окружающую действительность. Наш народ оказался на своей исконной земле в меньшинстве, что происходило с языком, вы знаете, то есть все шло к тому, что у нации не могло быть будущего. И одно из моих прозаических произведений того периода было посвящено судьбе коренных жителей Бразилии – индейцев. И я как бы проецировал это на свою родину. Теперь, когда Казахстан обрел

свободу, тот мой пессимизм уже в прошлом. Повесть заставляет читателей задуматься о почитании и сохранении своих обычаев и традиций. Тема памяти также выступает ведущей в повести, где память олицетворяет связь с прошлым, историей своего народа. Долг каждого – помнить и дорожить своим прошлым».

«Я считал, что литература казахская должна быть только из Казахстана и на казахском языке. Где-то в глубине души у меня это убеждение осталось относительно связи «на каком языке пишешь, к тому народу относишься». Исторически так сложилось, и мы принимаем написанную на русском языке литературу авторов как свою. Я раньше придерживался другого мнения и приводил в пример Николая Гоголя, который был из Украины, но считается великим писателем России. Но нет закона без исключения. Жизнь нельзя втиснуть в рамки. У нас есть литература, которая написана на русском».



Одна страна – одна книга 2023

В рамках республиканской акции «Одна страна – одна книга» 2023 год посвящен творчеству известного драматурга, писателя, общественного деятеля – Толена Абдикова.



15

Награды и звания

2002 год – присвоено почётное звание «Заслуженный деятель Республики Казахстан» (за большой вклад в развитие отечественной литературы)

2003 год – лауреат премии им. Франца Кафка

2004 год – Государственная премия Республики Казахстана (За повесть «Парасат майданы»)

2013 год – Орден Парасат (за выдающийся вклад в развитие отечественной литературы)

2019 год – Орден «Барыс» 1 степени за особые заслуги в развитии национальной литературы из рук президента в Акорде.

Заслуженный деятель Казахстана каз. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері 	Орден Благородства «Парасат» ордені 	Орден «Барыс» «Барыс» ордені I степени 
Почетное звание «Заслуженный деятель Республики Казахстан»	Орден «Парасат»	Орден «Барыс» 1 степени

Корифей казахской литературы

В 2009 году в кинотеатре «Сары-Арка» состоялась премьера полнометражного фильма «Правая рука», снятого в Караганде (продюсер Жомарт Абишев).

Киностудия «Тарлан даулет», существовавшая при университете «Болашақ», решила снять киноленту по повести Толена Абдикова «Правая рука», ставшей своеобразной литературной сенсацией в 70-е годы прошлого столетия. В съемках принимали участие профессиональные актеры театра им. С. Сейфуллина. Идея фильма заключалась в том, что все плохое, что ты делаешь в жизни, может перейти проклятием на твоих потомков.

4 сентября 2022 года Толену Абдикову исполнилось 80 лет. Поклонники его таланта, современники прозаика собрались в театре имени Калыбека Куанышбаева на вечере, посвященном творчеству Толена Абдикова.

Со значимой датой юбиляра поздравили министр информации и общественного развития РК Дархан Кыдырали, министр культуры и спорта РК Даурен Абаев и другие.

Толен-ага – классик, продолживший путь Мухтара Ауэзова. Его книги стоят в одном ряду с лучшими произведениями мировой классической литературы. Высокую оценку и не раз творчеству Толена Абдика давал и корифей казахской литературы Абдижамал Нурпеисов, – сказал министр информации и общественного развития РК Дархан Кыдырали.

О Толене Абдикове

1. Абдиков Толен // Казахстан. Национальная энциклопедия. 1 т. – Алматы, 2004. – С. 75.
2. Абдиков Толен // Литература Казахстана. Энциклопедический справочник. – Алматы, 2010. – С. 12.
3. Джундубаева, А. «Свое» и «чужое» слово в повести Т. Абдикова «Разума пылающая война»: [критика] // Простор. – 2017. – № 2. – С. 133–148.

4. Ишанова, А. О белом и черном, добре и зле: [лабиринтно-агональная игра телесности и сознания в рассказе Т. Абдикова «Правая рука»] / А. Ишанова // Астана плюс. – 2014. – № 2. – С. 92–94.
5. Москау, Зарина. «Правой рукой» о войне умов [Текст] : [Известному драматургу, писателю Толёну Абдику исполнилось 80 лет] // Казахстанская правда. – 2022. – 30 сентября. – С. 10.

Книги Толёна Абдикова

1. Абдик, Т. Таласбай [рассказ] / Т. Абдик. // Нива. – 2013. – № 7. – С. 112–116.
2. Абдиков, Т. Война умов: повести и рассказы / Т. Абдиков.; пер. с каз. – СПб.: Славия, 2003. – 271 с. – (Год Казахстана в России).
3. Абдиков, Т. Истина [Текст] : повести и рассказы / пер. с каз. – Алма-Ата : Жазушы, 1979. – 248 с.
4. Абдикулы, Т. Разума пылающая война: повести, рассказы, пьесы / Т. Абдикулы.; перевел с каз. Анатолий Ким // Астана : Фолиант, 2013. – 567 с.

Интернет-ресурсы

1. <https://sputnik.kz/20210613/Jazushy-Tolen-Abdik-17334256.html> (дата обращения 22.08.2023)
2. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/65182/> (дата обращения 22.08.2023)
3. https://kopilkaurokov.ru/literatura/meropriyatia/synyptan_tys_diebi_tanymdyk_kiesh_tolien_bdik_75_zhasta (дата обращения 22.08.2023)

- Толёна Абдикова знают как человека скромного, который никогда не гонялся за высокими наградами. Он очень часто сдерживает людей, которые пытаются представить его в таком величественном виде. Какую бы должность он не занимал, он честно служил, отдавая свои знания, опыт и силы на благо своей страны, на благо людей, – считает публицист и литературный критик Амангельды Мырзабек.

Прозаның ақ тұлпары

Арғы баба анық ізің дәл басқансың,
Абыройда – күміс күн, айлы аспансың.
Көркем сөз күмбезіне күлімдей кіріп,
Ішіне малдас құрып жайғасқансың.

Қайранмын жаны жайлау боп жаралғанға,
Қабілет қалыңдаған қалам барда.
Пайымдасам, пәленбай жыл пәтерде емес,
Мазасыз ғұмыр кешкен ой-орманда.

Адамның аралап ап жан жүйесін,
Алған-ау мәртебеден мәңгі үлесін.
Парақтап оқыған көп, тоқыған көп
Роман, повесть, драма, әңгімесін.

Қалайша Алаш жүгін ауыр көрсін,
Қаймақ-лебіз құйылған жауын дерсін.
Парасаты парша-парша пенделерге,
Парасат майданын ашқан жауынгерсің.

Жалғанда үміт жібі үзілмеptі,
Жұмсақ жел жүгіре жетіп жүзімді өпті.
Таудай тұлға болған соң өздеріндей
Тауларды Торғайымнан кім іздеptі.

Қуатты құмыраға құйып жәннәт дала,
Қалықтатты құдай берген қанат қана.
Қартайғанын қарасөз кім көріпті,
Қартаюға хақың жоқ, талантты аға.

Терлерін тамшылатпас текке кісі,
Топ етіп қолға қонды көктегісі.
Көркем сөз көк белінде жортып жүрген
Көркем жер Көкалаттың көк бөрісі.

Жаһанның бейнелеген кіл ажарын,
Суретшіден үзік сыр сұра, жаным.
Аман бол, шын сұлуы сұңқар-ойдың,
Аман бол, ақ тұлпары прозаның.

Нағашыбай Мұқатов

Қостанай қаласы

Аға!
(Төлен Әбдікұлына)

Қолыңа ұстағаннан алғаш қалам,
Келесіз жолмен жүріп жан баспаған.
Сол жолда жеңісіңіз, жемісіңіз,
Сол жолдан жансыз әрі адаспаған!

Соқтырсаң асыл сөздің қан тамырын,
Хан тұтты әдебиет арқалы ұлын.
Ар, Намыс – Алатауың, Гималайың,
Адамдық, адалдығың – Хан Тәңірің!

Болсаң да ақ самайлы ата бүгін,
Сол қалпың, өзгерген жоқ хан қалыбың!
Алматы, Атырау, Алтай қол соғуда,
Қуанып Қостанайың, Арқалығың!

Ешкім жоқ қуанышын бүгін бүккен,
Халық ол қасиетті ұлын күткен.
Парасат майданында жеңдің бе, аға,
Күресіп қасіретті зұлымдықпен?!

Жыршысы ақиқаттың, өнегенің
Келді деп бақытқа, аға, бөленемін.
Егделік күш-қуаттан айырмасын,
Пенделік жасамаған Төлен едің!

Біз, аға, бірде күйіп, бірде жансақ,
Біздерден мінезіңіз мүлдем алшақ.
Жетпістен жасым асып кетсе де, аға,
Бетімнен сүйгенінді жүрем аңсап!

Ініңіз Серікбай Оспанұлы

Төлен аға!

Жебесіндей садақтың
75-ке келдің, білемін.
Баласындай боп өстің
Жұлдызы биік ірі елдің.
Өнеге болып елінде,
Ірілерден де ірі едің.
Жас кезіңнен, жолбасшым,
Бақыт тілеп жүр едім!
Өмірде қалың қолтаңба,
Шындықты шертіп

жазғансың.

Нар көтермес мазмұны,
Тундыларыңмен озғансың!
Азаматтық болмысты,
Жұмбақтап, Аға,

жазғансың.

Қаламгерлік киялың,
Тұспа-тұс келген заманмен.
Тура айтар тура би,
Күн көрмедің амалмен.
Жалғыз өзің айқастың,
Алынбас ірі қамалмен.
Киянатпен еш уақыт,
Көрмедім жерді достасқан.
Ұққан жандар осыны,
Түсінген жайтпен

қоштасқан.

"Парсат майдан" – хикаят
Үкіленіп оқылды.

Қиыншылық – кезбе-
құбылыс,

Не екенін ойым тоқыды.
Ыстықтан ыстық лебі бар,
Жанартаудай атылдың!

"Парасат майданы" лебімен
Талайдың жанын

шақырдың.

Жүрегіннің сәулесі,
Түскен елге шамшырақ.
Қан құйғандай болдыңыз,
Қалған жанға қансырап.
Жандүниең елес болды,
Аласұрған сәттерде.
Рухани салада
Еңбегің – елге сом алтын.
Әділ, адал болған соң,
Сыйлайды, Аға, бек

халқың!

Шөберелерге де керексің,
Тоқсанда да бол жарқын!

Ізгі ниетпен, інің
Абдолла.



Мазмұны/Содержание

Құрастырушыдан	3
Өмірбаяны	4
Төлен Әбдік туралы...	5
Төлен Әбдікұлының өмірі мен шығармашылығы бойынша жылдар сөйлейді...	6
Марапаттары	7
Оның шығармалары	7
Сұхбаттар, әңгімелер	9
Ол туралы мерзімді басылымдардағы жарияланымдар	9
От составителя	11
Биография	12
Не похожий на других	12
Одна страна – одна книга 2023	15
Награды и звания	15
Корифей казахской литературы	16
О Толене Абдикове	16
Книги Толена Абдикова	17
Интернет-ресурсы	17
Мұқатов Нағашыбай. Прозаның ақ тұлпары	18
Оспанұлы Серікбай. Аға! (Төлен Әбдікұлына)	19
Төлен аға!	20

Құрастырушы: М. Ж. Тамиева
Шығарылымға жауапты: Мукушова А. К.
Қазақ тіліндегі мәтіннің корректоры: Мукушова А. К.
Составитель: М. Ж. Тамиева
Ответственный за выпуск: Мукушова А. К.
Дизайн обложки: Юрченко Н. П.
Редактор: С. Ж. Серкебаева

Басуға қол қойған күні 01.09.2023 ж
Қаріп түрі Times New Roman.
Әулиекөл ауданы әкімдігінің мәдениет
және тілдерді дамыту бөлімінің «Әулиекөл
орталықтандырылған кітапхана жүйесі»
мемлекеттік мекемесі